

Қ. МҰСАБАЕВ

ЕСКІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХАН ОРДАСЫН ҚОРШАҒАН
КӨШЕЛЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

В статье рассматриваются результаты археологических работ, проводимых в 2011 г. на старых улицах города, огораживающих с четырех сторон Ханскую ставку времен Абулмамбет хана (1731-1771 гг.).

Bu makalede, Abülmambet Han dönemi (1731-1771 yy.) eski Türkistan şehrinde 2011 yılında yapılan arkeolojik araştırmaların neticeleri ele alınır.

Қазақ хандығы жайында көптеген еңбектер жазған И.В. Ерофеева тағы бір «Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX вв» атты мақаласында Ескі Түркістан қаласында XVIII ғ. екі хан ордасы қатар өмір сүргенін айтады. Онда Түркістанды және оның айналасындағы үлкенді-кішілі қалаларды 1743-1745 жж. Әбілмәмбет хан мен Сәмеке ханның үлкен ұлы Сейіттің екіге бөліп билегені баяндалады. Сонымен қатар, Б.Т. Тұяқбаева мен А.Н. Проскурия «Проект регенерации цитадели в городе Туркестане» атты мақала желісінде Сібір генерал губернаторы Фон Фрауендорфтың сыртқы істер коллегиясына 1763 ж. жолдаған баяндамасын жариялайды. Бұл жайында М. Тұяқбаев 2009 ж. хан ордасына жүргізген зерттеу есебінде жазған болатын:

- Онда: «... ал, өткен 1762 ж. көктемінде Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан және қырғыз қайсақтардың орта жүзінің басқа да старшындары жоғарыда айтылған Қаракесек ұлысындағы Қазыбек биге жиналды да, олардың барлығы жабылып Әбілмәмбет хан мен Есім сұлтанды татуластыруға тырысты және де осы негізде Түркістан қаласы мен уездік қалаларға екеуінде хандық құруға шақырды;... бұл үшін Түркістан қаласы мен уездік қалаларды екіге бөлді және қаланың бір жартысын ондағы қақпалары және сол беттегі қалаларымен бірінші ханға, ал екінші жартысын сол беттегі қақпалары және қалаларымен екінші ханға берді, сондықтан да өткен 1762 ж. күзінде Әбілмәмбет хан Түркістанға қыстау үшін және өз бөлігіне билік жүргізу үшін кетті» делінеді [1].

Көріп отырғанымыздай, XVIII ғ. ортасынан аяғына дейін Түркістанда екі хан ордасы қатар өмір сүрген. Бұл жайлы алғашқы деректі XVIIIғ. соңында жасалған Д.Г. Мессершмидтің картасынан табамыз. Бұл поляк суретшісінің біреудің ауызша берген дерегіне сүйеніп жасаған Түркістан қаласының картасы. Астына Тәуке ханның мөрі басылған. Сірә Тәуке хан елшілерінің бірі хандық астанасы жайлы түсінік беру үшін жасаттырған болуы керек. Картада қаланың батыс бөлігінде үш жағы көшемен, дуалмен қоршалған көлемі 1 га жерге «Ханова место» деген анықтама жазылған (1-сурет). Бұл картаны қаланың 1875 ж. жобасы, 1951-1954 жж. 1970 карта схемаларымен, және 1980 ж. Аэрофотамен салыстыра келіп, Батыс Хан ордасы орналасқан

жерді тауып, алтыншы құрылыс қабатында орналасқан Әбілмәмбет хан тұсындағы Хан ордасын 2008 ж. 2010 ж. аралығында зерттеген болатынбыз. Нәтижесінде, «Қазқайтажаңғырту» ұйымы Хан ордасының бір бөлігін 2011 ж. қайта қалпына келтірген еді. Ендігі мақсат-осы Хан ордасын қоршаған көшелерді аршып көрсету.

Қазбаны бастамас бұрын, жоғарыда аталып өткен карта схемаларға қарап отырып көше құрылымын салыстырдық. Қала көшелері қисық салынғаны бір келкі емес екендігі осы карталардан-ақ көрініп тұр. Е.Смағұлов, Ф.Григорьев, Ә.Итеновтың «Очерки по истории и археологии Средневекового Туркестана» атты еңбегінен: П.И.Рычков (1719-1777 жж.) «Туркестанское владение» деген еңбегінде қала көшелерінің қисық екенін, үйлердің тым тығыз орналасқанын атап өтеді. Ал, XIX ғ. Қоқандықтардың қолында тұтқында болған ғалым саяхатшы Н.А. Северцов қала көшесінің түзу салынбағанын, өте тар екенін, қалада көлікпен жүрсең де бұраң-бұраң өткен қысқа көшелермен жүруге тура келетіні жайлы дерек келтірілген. Басқа да ғалым саяхатшылар В.В. Верещагин, М.С. Бекчурин, Н.А.Таранов, Полтарацкийлер Түркістан көшелерін осылайша суреттейді [2]. XX-XXI ғғ. бұл қала көшелерін құлаған үйлер басып қалған, алайда, күні бүгінге дейін осы көшелермен адамдар жүруін тоқтатқан емес.

«Мәдени мұра» бағдарламасының 2010 ж. жоспарына сәйкес Хан ордасын қоршаған көшелердің Шығыс бөлігін аршып зерттеу көзделген еді. Нәтижесінде, мамыр-маусым аралығында Шығыс көшенің Жеті ата көшеге қараған қақпасы және оның екі шегіне салынған 4 бөлме жартылай аршылып зерттелген болатын. Сонымен қатар, көше енін анықтау мақсатында, әр жерден кесіктер (шурф) салынып Шығыс көшенің орталық бөлігіндегі Орданы кесіп өтетін жерге дейінгі үйлердің сыртқы қабырғасы аршып көрсетілген еді [3].

2010 ж. археолог Т.Өсеров зерттеген, Шығыс көшедегі аяқталмай қалған қазба жұмыстарын 2011 ж. наурыз пілде айлары аралығында қайта жалғастырдық. Нәтижесінде бұл көшенің 43,75 м-ден соң Хан ордасын қиып өтетін Орталық көшемен қиылысатыны анықталды. Сондай-ақ, ол қиылысқан көшенің солтүстік қабырғасының бұрышында шомбал тастардан төселген іргетастың болғаны мәлім болды. Тап осы көшенің қиылысқан тұсынан орданы қоршаған қабырға ішке қарай қисайып барып, 82 м-ден соң, бұрылып солтүстік көшенің батыс бұрышына тіреледі. Мұнда да, көшелердің түйіскен жеріне шомбал тастан іргетас қойылғаны белгілі болды. Орданың солтүстік бетіндегі бір келкі емес, қисық-қисық салынған Солтүстік көшенің дуал қабырғаларын аршығанымызда XIX–XX ғғ. тұрғын үйлерінің сыртқы көшеге қараған қабырға іздері байқалды. Археологиялық зерттеу жұмыстары 100 метрге жеткенде Солтүстік көше үйлерінің сыртқы қабырғасы Батыс көшеге түйісіп бұрылды. Мұнда да, XIX–XX ғғ. тұрғын үйлері қабырғаға жанасып салынғаны және ондағы үйлердің есігі көше жақ бетіне қарағаны мәлім болды. Бұған қазба барысында патша қышымен қаланған есік

Мұсабаев Қ. Ескі Түркістан қаласындағы хан ордасын қоршаған...


табалдырығының шығуы дәлел. Батыс көшенің 60 м-ден 83м-не дейінгі аралығындағы қабырғасы жойылып, үстіне күл-қоқыс төгіліп кеткен. 1980 ж. түсірілген қаланың аэрофотосына қарасақ, тап осы жерде, Батыс көшемен қиылысатын көше болғаны байқалады. Көше 110 метрден соң Орталық көшенің Батыс қабырғасына тіреледі. Орталық көшемен түйіскен жерінің екі жағынан да тұрғын үйлердің ізі байқалды. Батыс көшенің оңтүстік бөлігіндегі үй қабырғаларына қаланған кесектің өлшемі 35 x 18 x 10 см. Батыс көше 120 м-ден соң, Жеті ата көшесімен түйіседі. Жеті ата көшесі басты магистралды жол болғандықтан екі жақ бетіндегі үйлердің сыртқы қабырғаларын аршып көрсетуімізге тура келді. Жеті ата көшесіндегі қазба ұзындығы 110 м. созылып, Шығыс көшемен қиылысқан жерге жетіп тоқтады. Д.Г. Мессершмидт картасында көрсетілген хан ордасын қоршаған Шығыс, Солтүстік, Батыс және Жеті ата көшелерін аршып зерттеген соң, Хан ордасын кесіп өтетін Орталық көшенің оңтүстік бөлігіндегі қабырғасын аршып көрсеттік. Ұзындығы 110 метрге дейін созылған қазба барысында әдеттегідей тұрғын-үй құрылыстарының сыртқы қабырғасы аршылып қазба жұмыстары аяқталды.

Хан ордасын қоршаған көшелерді археологиялық зерттеу барысында төмендегідей тұжырымдар жасауға негіз бар деп есептейміз:

- Төрт жағынан көшемен қоршалған Хан ордасының жалпы көлемі - 928,972 шаршы метр.
- Жеті ата (Басты) көшесінің ұзындығы – 110 м
- Шығыс көшенің ұзындығы - 82 м
- Солтүстік көше ұзындығы - 100 м
- Батыс көше ұзындығы - 120 м
- Орталық көше ұзындығы – 110
- Жалпы ұзындығы 522 м көше құрылымы аршылды;
- Бірінші ярус деңгейінен табылған нумизматикалық жәдігерлер XV-XVI ғасырдан XIX ғасырға дейін пайдаланып келгені бұрынғы қазбалардан да мәлім;
- XIX-XX ғғ. жататын нумизматикалық табыстар мұнда бұл орынның XX ғ. басында да халыққа тұрақ болғандығын көрсетеді.
- Бірінші ярустан (50см тереңдік) табылған керамикалық жәдігерлер негізінен Қоқан керамикасы мен патша үкіметі тұсындағы Кузнецов фабрикасының фаянс ыдыстарынан тұрады. Бұл материал XIX ғ. басы мен XX ғ. басы аралығына жататындығы көшелердің сол тұста да өмір сүргендігін дәлелдейді. Қазіргі таңда, Хан ордасын қоршаған көше дуалдарын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр (2-сурет). Құдай қаласа бұл жер (Хан орда) саяхатшылар келетін маңызды орындардың біріне айналмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Смағұлов Е.А. Тұяқбаев М.Қ. Өсеров Т.О. Ильяс С. Р. Мұсабаев Қ. Күмісбаева Ұ. Ескі Түркістан қаласының шахристанындағы 2009 ж. жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының есебі. Түркістан, 2009, [Қолжазба]. «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық мұражайының мұрағаты, Түркістан, 2009, №09-11, 1 бет.
2. Смағұлов Е.А. Григорьев Ф.П. Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана, Туркестан, 1998, С. 47-53
3. Тұяқбаев М.Қ. Өсеров Т. Күмісбаева Ұ. Мұсабаев Қ. Түркістан археологиялық отрядының Хан ордасы территориясында 2010 ж. жүргізілген қазба жұмыстарының есебі. Түркістан, 2010, № 11-13, 2-4 бб.





2-сурет. Хан ордасын қоршаған көше дуалдары қайта қалпына келтірілуде.

REZUME

**K.MUSABAEV (Turkistan)
RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH CONDUCTED IN THE STREETS
AROUND THE KHAN HORDE IN THE TURKISTAN TOWN**

The article deals with the archaeological research conducted in 2000 in the old streets of the town with the terms of the parties confining khans time Abulmambet (1731-1771).